

Жаңаталап ауылындағы көшені қайта атау туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Жаңаталап ауылының әкімінің 2023 жылғы 17 ақпандағы № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 23 ақпанда № 6365-09 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Жаңаталап ауылының әкімі ШЕШТІ:

1. Жаңаталап ауылында Огородная көшесі – Бейбітшілік көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаталап ауылының әкімі

А. Отынчиев